

Астана қаласының N 103 көшесіне атау беру туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 12 қыркүйектегі N 67 қаулысы және Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 26 қыркүйектегі N 148/23-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2008 жылғы 8 қазанда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 550 болып енгізілді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес, қала тұрғындарының пікірін ескере отырып, қалалық ономастика комиссиясының 2008 жылғы 4 наурыздағы N 26 шешімінің негізінде Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Астана қ а л а с ы н ы ң м ә с л и х а т ы **Ш Е Ш Т І :**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 04.12.2014 № 110-2043 қаулысы және мәслихатының 11.12.2014 № 312/45-V (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

1. N 103 көше – Тарас Шевченко көшесі деп аталсын.

2. Астана қаласы "Сарыарқа" ауданының әкімі, "Астана қаласының Сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулы мен шешімді іске асыру жөнінде қажетті шара қабылдасын.

3. Осы Астана қаласы әкімдігінің қаулысы және Астана қаласы мәслихатының шешімі алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласының әкімі

И. Тасмағамбетов

сессиясының төрайымы

К. Анасова

хатшысы

А с т а н а қ а л а с ы м ә с л и х а т ы

А с т а н а қ а л а с ы м ә с л и х а т ы н ы ң

В. Редкокашин